

ҚЫТАЙДЫҢ ШЫҢЖАНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ АЗШЫЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-ДӘСТҮРІ МЕН БҮГІНГІ ЕРЕКШЕЛІГІ*

¹Мәсімханұлы Дүкен, ²Тұрлығожаева Алтынгүл Дүйсенқызы

^{1,2}Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

(Алматы, Қазақстан)

¹masimkhan-63@mail.ru, ²altyn_77@hotmail.com

¹Massimkhanuly Duken, ²Turlygozhayeva Altyngul

^{1,2}R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

(Almaty, Kazakhstan)

¹masimkhan-63@mail.ru, ²altyn_77@hotmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада Қытайдың этникалық азшылықтарға қатысты саясатының тарихи-дәстүрлі танымдары, ҚКП бүгінгі ұлт саясатының басты ерекшеліктері мен негізгі аспектілері, сондай-ақ Шыңжаң мәселесі қарастырылады. Шыңжаңның стратегиялық мәртебесі мен этникалық толқулардың әлеуеті басқа провинциялық аймақтарға қарағанда Қытай билігінің алаңдаушылығының жоғарылауына әкеледі. Бүгінгі күні ресми Бейжің әлемдік қауымдастық тарапынан азшылық құқықтарын қорғай ма және азшылық құқықтарына деген адалдығын қалай орындау керек деген сұраққа тап болып отыр. Қытайлық тарихи-дәстүрлі түсінік бойынша этникалық азшылықтар мен хандар арасындағы қайшылық өркениет пен жабайылық арасындағы айырмашылыққа негізделген. Тарихи-дәстүрлі түсінікке сәйкес бұл айырмашылық физикалық ерекшеліктердегі немесе тілдегі айқын «айырмашылықтарға» ғана қатысты емес. Есесіне ол негізінен мінез-құлық құндылықтары мен нормалары бар «мәдени айырмашылықтардан» да көрінеді. Азшылық мәселелерінде «тарихи-дәстүрлі» көзқарастың ерекшеліктері қандай? Мәдени ассимиляциядан этникалық мәселені саясаттандыруға көшуге мәжбүр ететін, Қытайдың этникалық саясатына әсер ететін негізгі факторлар қандай? Қытай билігінің ұғымы мен ұстанымы бойынша, тарихи-дәстүрлі көзқарас азшылық мәселесін тиімді шешу үшін саяси бірлікті, этникалық теңдікті және мәдени әртүрлілікті біріздендіреді деп қарайды.

Түйін сөздер: Бүгінгі Қытай, ұлт саясаты, Қытайдағы азшылықтар, Шыңжаң мәселесі, тарихи-дәстүрлі танымдар, этникалық саясат.

Кіріспе

Қытайлықтар өздерін ежелден көп ұлтты елміз деп есептейді. Атап айтқанда «Цинь (б.з.б.221-207 жж.) және Хань (б.з.б.202- б.з. 220 жж.) династияларынан Миң (1368-1644 жж.) және Цин (1636-1912 жж.) династияларына дейін

* Мақала ҚР ҒЖБМ ҒК ЖТН АР14869734 «ҚКП-ның азсанды ұлттар саясатының Шыңжаңда атқарылуы: тарихы, бүгінгі және келешегі» 2022-2024 жж. ГЖ іске асыру аясында дайындалған.

мемлекеттік құрылым механизм ретінде аймақтар мен аудандар жүйесі бар «үлкен біріктіру» көпұлтты мемлекеттік құрылымға айналды» [1,4].

Ал «Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін елдің көп ұлт-тылығы одан әрі айқындала түсті. 1949 жылы 29 қыркүйекте Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесінің бірінші пленарлық отырысында «Қытай халықтық саяси консультативтік кеңесінің ортақ бағдарламасы» конституциялық құжаты қабылданды, ол «барлық этностар тең» және «Қытай Халық Республикасы барлық этностардың достығы мен ынтымақтастығы орнаған үлкен «отбасы» болады». Сондай-ақ, «Аз ұлттар шоғырлы тұратын аймақтарда аз ұлттардың аймақтық автономиясы жүзеге асырылсын» деген қағидалары қытай елінің көп ұлтты болмысын одан сайын айшықтап, толықтыра түсті. Қазіргі Қытайдың тұңғыш конституциясы, яғни 1954 жылы 20 қыркүйекте Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының бірінші сессиясында қабылданған «Қытай Халық Республикасының Конституциясының» 3-бабында: «Қытай Халық Республикасы біртұтас көп ұлтты ел» деп жазылды. Бұл қазіргі Қытайдың көп ұлтты ел екендігі туралы нақты конституциялық декларация болып есептеледі. Содан бері «көпұлтты мемлекет» ұғымы академиялық және саяси әдебиеттерде кеңінен қолданыла бастады және ол қатысты теориялар мен саясаттарды дәйектеу үшін де қолданылады» [2, 8 б.].

Әрине, «көп ұлтты мемлекет» болу қашан да, қайда да оңай болған емес. Ал ХХІ ғасырдағы әрбір дамып келе жатқан ел үшін этникалық қатынастар басты мәселелерінің біріне айналды. Көп ұлтты мемлекеттің билігінің алдынан мәдениетті және көп этникалық қоғамдардың әсерінде саяси басшылық пен әлеуметтік элитаның алдында федерацияның немесе мемлекеттің саяси білімі шеңберінде әр түрлі этникалық топтардың құқықтық мәртебесі мен негізгі құқықтарын қалай басқаруға болады; олардың әлеуметтік-экономикалық құрылымдық айырмашылықтарын (білім, өнеркәсіп, кәсіп немесе табыс алшақтығы) және мәдени айырмашылықтарын қалай сақтау керек (тіл, дін және әдет-ғұрып); бір мемлекеттегі этникалық топтардың өмір сүруі, идеологиялық және әлеуметтік нормалардағы сәйкессіздіктерді, сондай-ақ болашақтағы этникалық қозғалыстардың тенденцияларын қалай түсінуге болады; мемлекеттік биліктің ұлттық теңдік, әлеуметтік әділеттілік, этникалық келісім, әлеуметтік тұрақтылық және саяси бірліктің этносаралық қатынастарының тенденцияларын бағыттап отыру үшін қандай стратегиялар мен шаралар қабылдауы керек деген мәселелер күнделікті шығып отырады. Ал Қытай билігі этносаралық қатынастардың оңды шешімі операциялық және әкімшілік шығындарды төмендетеді, экономиканы ынталандырады, елдің әлемдік геосаясаттағы оң имиджін қалыптастырады және ішкі интеграцияны жақсартатын үйлесімді қоғамды дамытады, сондай-ақ бұл процесте әр этнос өз ұпайын түгендейді деп есептейді. Яғни, «Қытай ұлтының ұлы бірлігін нығайту үшін керекті ұзақ мерзімді және іргелі шарт – мәдени бірегейлікті арттыру, барлық этностарға ортақ рухани орта қалыптастыру, сондай-ақ қытайлық ұлттың ортақ санасын белсенді түрде қалыптастыру. Бұл арада мәдени бірегейлік – ең шешуші фактор. Атап айтқанда, мәдени бірегейлік – ұлттық бірліктің тамыры мен ұлттық

келісімнің жаны. Мәдени бірегейлік мәселесі шешілгенде ғана мемлекеттің, қытай ұлтының болмысы және қытайлық сипаттағы социализм жолы бекемделе түсуі мүмкін» [3].

Азшылықтар қытай халқының небәрі 8 пайызын құрайды, бұл абсолют-ті сандарда айтарлықтай (шамамен 100 миллион) орын алады. Алайда қытайдағы азшылықтардың ежелден бері қоныстанып келе жатқан тарихи мекені құрлықтық қытай территориясының 64%-ын алып жатыр [2,10], бұл оның ханьзу халқы тығыз қоныстанған аудандардан айырмашылығы. Оның үстіне бұл жерлерде Қытайдағы ең құнды минералды және басқа ресурстар бар. Бұл қазба байлықтар қытайдың экономикалық дамуы мен модернизациялау жоспарлары үшін өте маңызды.

«Қытайдың құрлықтағы шекарасының ұзындығы 22 000 км-ді құрайды. 15 елмен шектеседі; оның теңіз жағалауы сызығының ұзындығы 18 000 км, теңіз арқылы 8 елмен шектеседі. Шекараны бақылау құралдарының жетілдірілуі және шекараны басқару деңгейінің жоғарылауымен 2003 жылы Қытайдың маңызды жағалау аймақтарын, тау асуларын, өткелдер мен шалғай аудандарды басқару және бақылау мүмкіндігі айтарлықтай артты» [4]. Міне осы шекаралық өңірлердің көп бөлігінде азшылық халықтар тұрады, атап айтқанда шекара өңір халқының 80%-дан астамы аз ұлттар. Сондықтан да шекаралық аймақтарда кез-келген саяси толқулар мен қауіп-қатерді болғызбас үшін ресми Пекин шекара өңірлерге армиясының басым бөлігін орналастырған. Азшылық этностар қоныстанған өңірлерде әлеуметтік жағдай, тіл, білім, мәдениет, дін және экономикалық дамуда үлкен әркелкілік бар екені жасырын емес. Соған байланысты азшылықтар шоғырлы қоныстанған іргелі өңірлерде қоғамның тұрақсыздығы мен сепаратистік тенденциялар жиі көрініс беріп отырады.

Зерттеу әдістері мен әдістемесі

Бұл мақалада зерттеудің негізгі әдістері ретінде тарихи әдіс арқылы Қытайдың этникалық азшылықтарға қатысты саясатының тарихи-дәстүрлі танымдары мен өзекті оқиғалары бағаланады. Эмпирикалық әдіс арқылы Шыңжаңдағы этникалық азшылық топтардың ерекшеліктері, айырмашылықтары, мінез-құлық құндылықтары, «тарихи-дәстүрлі» көзқа-растары, мәдени ассимиляциялары талданады.

Этникалық мәселелерге қатысты тарихи-дәстүрлі идеялар

Қытайдың тарихи-дәстүрлі мәдени нормаларында этникалық сәйкестілік варварлық азшылықтар мен өркениетті ханьдар арасындағы айырмашылыққа негізделген. Ежелгі қытайлықтар қытай мәдениетін «ерте ме, кеш пе айналасындағыларға әсер ететін әлемдегі ең дамыған өркениет» деп санады. Тарихи-дәстүрлі түсінікке сәйкес бұл айырмашылық физикалық ерекшеліктердегі немесе тілдегі айқын айырмашылықтарды білдірмейді. Керісінше, бұл негізінен мінез-құлық құндылықтары мен нормалары бар мәдени айырмашылықтарда

ерекше белгілер ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қытай өркениетін бойына сіңірген адамдар осы «өркениет әлемінің мүшелері» болады, оның «өзегі» «ханьзулар» болу керек. Мәдениетсіз адамдар «білім алуды» қажет ететін «варварлар» болып қала берді [5, 12 б.].

Қытай тарихындағы Орталықтың маңайдағы елдер арасына мәдени насихат жүргізу мен олардың жастарын оқыту тәсілі әлі де сақталып отыр. Варварлық топқа деген кемсітушілік көзқарас әсте нәсілдік емес, мәдени артықшылық ретінде қарастырылады. Сондықтан қытай мәдениеті сіңіру – бұл өзгелерді өзгерту әдістемесі. Қытайлық мәдени дәстүр бойынша барлық этникалық топтар бір-біріне тең деп саналды, өйткені қытайлықтар аспан асты, жер үстіндегі «бейбітшілікке», яғни Тянься (天下 - аспан астындағы барлық нәрсе) ұғымына сенді, бұл деген сөз «барлық жерлер императорға тиесілі, ал барлық адамдар оның қарашасы» деген мағынаны білдіреді. Демек, ақыр соңында, барлық халықтар бірігіп, үйлесімді организм ретінде «аспан» астында үйлесімді өмір сүруі керек [6, 17 б.].

Тарихи-дәстүрлі көзқарас әр түрлі азшылықтарды біртұтас үйлесімділікке біріктіруді және өзара құрмет пен өзара тәуелділікте бейбіт қатар өмір сүруді ұсынды. Тарихи-дәстүрлі көзқараста азшылық мәселесін қарастырудың басым негізі – Хуа-И доктринасы (华夏, мұндағы «хуа» қытайлықтарды немесе ханьзу дегенді білдіреді, ал «И» жабайылар, бөтен адамдар немесе азшылық дегенді білдіреді). Аталған доктрина азшылық топтардың мойынұсынушылық қасиеті тарихи-дәстүрлі нормаларға сәйкес келеді, бұл береке-бірлік пен дұрыс қарым-қатынасты сақтайды деп болжайды. Азшылық этностар осы принциптерді немесе нормаларды берік ұстанған кезде ғана бейбіт қатар өмір сүру мүмкін болады. Олар еш қашан да «хуаларға» қарсы шықпауы, кедергі жасамауы керек. Юань династиясы тұсындағы әйгілі оқымысты Хао Цзинь, егер ол тағылымшылдықты қабылдаса, Қытайды басқара алатынын түсіндірді. Атап айтқанда қытайлық дәстүрлі тағылымшылдық түсінікке берілген кез-келген адам, этникалық тегіне қарамастан, Қытайдың саяси билеушісі бола алатынын және Хуа-И тарихи-дәстүрлі доктринасының шектемесі алынып тасталатынын атап айтты [7, 12 б.].

Қытайдың тарихи-дәстүрлі көзқарас бойынша мәжбүрлі шаралардан гөрі мәдениетті тарату арқылы ассимиляцияның өзіндік нұсқасын дұрыс көреді. Ондағы басты мақсат – көпшілік пен азшылық арасындағы ассимиляция мен үйлесімділікке қол жеткізу, көпшілік пен азшылық арасындағы қақтығыстардың алдын алу үшін айырмашылықтарды мойындау, нәсілдер мен этникалық әртүрлілік контекстінде тұрақтылық пен тәртіпті сақтау және көптеген этникалық сәйкестіктердің қатар өмір сүруіне ықпал ету. Тарихи-дәстүрлі көзқарастағы ассимиляция «балқыту қазандығы» емес, бөтен адамдар немесе азшылықтар көпшіліктің әдет-ғұрыптарын қабылдау, кірігу, үйрену және түсіну арқылы Хань қоғамына қатыса алатын жүйе болу керек.

Тарихи-дәстүрлі көзқарас бойынша әр түрлі азшылықтар біртұтас үйлесімділікке бірігіп, өзара құрмет пен өзара тәуелділікте бейбіт қатар өмір сүруі керек деп атап көрсетеді. Бұл өзара құрмет пен жауапкершілікті көрсетеді. Қытай тарихында «варварлар» арасында мәдениет қабылдаған кезде қытайдың іргесі

кеңігені анық, оның ең жақсы мысалы маньчжур тілінің хань тіліне жұтылуы болды. Үш жүз жылдан кейін өте аз санды ектеулі адамдар ғана маньчжур тілінде сөйлей алды. Тарихи-дәстүрлі көзқарас философиясы мен қытай мәдениетінің үстемдігі арқылы ханьзулар өздерін билікте сақтап қалды.

Қытайдың азшылық жөніндегі тарихи-дәстүрлі көзқарасы бойынша бұл – патернализмді мемлекеттік жеңілдіктер түрінде көрсететін қарызға негізделген теория, оларға өздерінің әдеттегі құқықтары мен мәдени дәстүрлерімен бөлек өмір сүруге рұқсат етіледі. Азшылықтар мін-деттемелер мен мойынсұнушылыққа жауап беруі керек. Тарихи-дәстүрлі жанашырлық идеясы немесе Жэнь патерналистік үкіметті білдіреді, оның міндеті азшылықтардың жүрегін жаулап алу, императорлар азшылықтарға артықшылықтар ұсынды немесе қазіргі терминологияны қолдана отырып, азшылық топтары үшін қолайлы оң әрекеттер жасады. Бұл оң әрекеттер немесе саясат жиі кездеседі және оларды азшылық топтары пайдаланатын құқықтарға айналады деп күтеді.

Тарихи таным автономиялық құқықтарды мойындайды, бірақ ол кез-келген ішкі шекараны болдырмау үшін мәдени алмасуды, экономикалық интеграцияны және саяси қатысуды қолдайды және азшылықтарға қатысты саясатты институттандыру мен саясаттандыруға күмәнмен қарайды. Сарапшылар этникалық автономия өте табиғи және әлеуметтік жағынан қатар өмір сүруге ықпал етеді, мәдени байланыстарды тең негізде нығайтады, көпшілік пен азшылық мәдениеттерін байытады, мәдениеттің озық белгілері бойынша таралуына ықпал етеді және өзара сыйластықты арттырады деп сенді. Тарихи таным коммунитаризмі этникалық топтардың саяси ынтымақтастығын немесе билікті орнатудағы және сақтаудағы маңыздылығын атап көрсетеді. Ол қарым-қатынастың, үйлесімділіктің және интеграцияның дағдылы құндылықтарына сүйенді. Тарихи таным коммунитаризмі азшылықтарды мемлекеттік қорғауға қатты қолдау көрсететін сияктанып, әрі олардан құрбандықтар беруді талап етеді, олардың кемсітушілігін айыптайды және азшылықтарды қолдау үшін үкіметтердің мақұлдау саясатына қарсы кез келген саяси әрекетке айналуы мүмкін кез келген наразылықты басады. Ол сондай-ақ азшылықтардың қалаусыз ұмтылыстарын толық тексереді және қажет болған жағдайда мемлекеттің бірлігін сақтау үшін репрессиялық шараларды қолданады және басқа саяси қауымдастық немесе сыртқы құқық бұзушылар үшін сабақ болады. Бірақ кейде бұл мемлекеттік аннексияны, «экспансияны» және «қанауды» қолдайды және ақтайды және азшылықтардың құқықтарын мойындамайды. Мәдени ірге кеңейту мен мәдениетті қабылдау кейде теңдікті мойындамайды және басқа мәдениетті құрметтейді, бұл азшылықты теріске шығарудағы күшті мәдениеттің жағымды жағына қарсы қояды [8, 114 б.].

Қытайлық азшылық саясаты және этникалық саясаттандыру

Мемлекеттік саясат этностық топтар ара сәйкестікті анықтауда және саяси білім беру шекараларын түзетуде маңызды рөл атқарады. Қытай үкіметінің саясаты тарихи-дәстүрлі деполитизация моделінен ауытқып кеткен сияқты, мұнда

топтар саяси топтар емес, мәдени топтар ретінде қарастырылады. Бұл туралы Қытай Халық Республикасы Конституциясының кіріспесінде айтылған. Онда «Қытай Халық Республикасы – елдегі барлық ұлт өкілдері бірігіп құрған біртұтас көпұлтты мемлекет. Социалистік ұлтаралық теңдік, бірлік, өзара көмек және келісім қарым-қатынастары орнады және нығая бермек. Ұлттық бірлікті сақтау жолында біз үлкен ұлтшылдыққа, негізінен ханьзу шовинизміне қарсы тұруымыз керек, сонымен қатар жергілікті ұлтшылдықпен де күресуіміз керек. Мемлекет еліміздегі барлық этностар-дың ортақ гүлденуіне ықпал ету үшін бар күшін салады» [9, 4 б.] делінген. Бұл тұжырымдар Қытайдың азшылықтар туралы саясатын түсінудің пайдалы кілтін ұсынады. Қытай өзінде елу бес этникалық азшылық өмір сүреді деп есептейді. «Ханьзу шовинизмі» деп отырғаны азшылықтарға қарата ханьзу тәкаппарлығын және тарихи таным бойынша аз халықтарды «варварлар» ретінде қабылдауды, менсінбеуді, қорлауды білдіреді, ал «жергілікті шовинизм» азшылықтардың өзін-өзі көрсету, өзгелерге менсінбеушілікпен қарау әрекеттерін білдіреді.

Империялық немесе патшалық дәуірде Қытай айналасындағы кішігірім өңірлерден өздерінің өкілдіктерін ашқанына қанағаттанды және бұл халықтың өзін-өзі басқаруына мүмкіндік берді. 1911 жылғы төңкерістен кейін республика үкіметі белсенді қызығушылық танытып, ұйғырлар, монғолдар және тибеттіктер сияқты басқа азшылықтарды өздерінің ұлтын нығайту үшін хань көпшілігімен ассимиляциялауға көндірді. Кеңес Одағының ықпалымен 1931 жылы Қытай Коммунистік партиясы лениндік саясатты жүргізіп, азшылық топтарын өзін-өзі сақтау, көрсету, мәдени, діни және тілдік саясатты әлсірету, тіпті ұлтшылдықпен бірге көмек сұрауға сендіру арқылы жүргізді. Алайда, Мао Цзэдун азшылық топтарының өзара тәуелділігіне және көптеген ғасырлар бойы бірге өмір сүрген көптеген топтардың тарихи ассимиляциясына байланысты азшылық мәселелерін шешудің саяси принципі ретінде федерализм мен өзін-өзі басқару идеясынан аймақтық автономияға идеологиялық өзгерісті бастан өткерді, бұл Ресей мен Еуропадан мүлдем өзгеше болды. Тарихи таным ұстанымы бойынша ұлы «бірлік пен келісім» туралы ойы ұлттық азшылықтардың федерализмнен және өзін-өзі басқару құқығынан бас тартуына ықпал еткені белгілі. Сондай-ақ, Сун Ятсен тарихи-дәстүрлі үйлесімділік идеясын «Цин әулеті аяқталғаннан кейін бес негізгі ұлт арасындағы қатар өмір сүру, теңдік және үйлесімділікті» атап көрсету үшін қолданды [10, 36 б.].

ҚКП басшылығындағы жаңа қытайда ұлттарды жіктеуге алғашқы қадам 1950 жылдары жасалды және 56 этникалық топ танылды. Екінші кезеңде этникалық азшылықтар үшін автономия процесі құрылды. Этникалық топтардың жан саны мен иелеген территориялық аумағына қарай 5 автономиялық өлке (район), 30 автономиялық облыс және 120 автономиялық ауыл ашылды, сөйтіп елдегі 55 этникалық азшылықтың 44-і автономиялық аймақтар құрылды. Бұл Қытай аумағының 64% құрайды. Үшінші кезеңде, үкімет әкімшілік, білім беру, экономикалық және мәдени салаларда, тіпті отбасын жоспарлау бағдарламаларында этникалық азшылықтардың пайдасына бірқатар артықшылықтар ұсынды және жүзеге асырды. Жыл сайын Үкімет кедейлікті

жою, әлеуметтік-экономикалық даму және этникалық топтар арасындағы айырмашылықтарды азайту үшін осы автономды өлкелерге, облыстар мен аудан-ауылдарға қаржылық көмек бөледі.

Тарихи-дәстүрлі таным бойынша мәдениеттендіру мен саясаттан алшақтату азшылық мәселелерін шешу мен мемлекеттік саясат арқылы экономикалық даму арасындағы ең жақсы шешімге келу деп саналады. Мәдени топтардың емес, саяси топтардың дамуы мемлекет үшін көбірек проблемалар туғызады, этникалық сананы нығайтады, белгілі бір географиялық аймақтың белгілі бір тобына назар аударады және оларды экономикалық дамудың әкімшілік себептері бойынша саяси топ ретінде анықтайды. «Азаматтар арасындағы теңдікке» емес, «этникалық топтар арасындағы теңдікке» назар аудара отырып, осы саясат пен институттарды әзірлеу және жүзеге асыру процесі осы топтардың саясаттануы мен институционализациясына алып келеді және олардың этникалық санасын өсіреді.

Шыңжаңдағы қақтығыс: Үкіметтің проблемалары мен реакциясы

Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан Шыңжаңның Орталық Азия елдерімен ортақ шекара ұзындығы елдің жалпы шекара сызығының алтыдан бір бөлігін алып жатыр. Өлкеде 13 негізгі этникалық топтан құралған 30 миллионға жуық адам тұрады. Оңтүстік Шыңжаң тұрғындарының көпшілігі ұйғырлар. Ал Солтүстік Шыңжаңда негізінен ханьдар мен қазақтар қоныстанған. Қырғыздар, сібелер, тәжіктер мен дағұрлар негізінен шағын аумақтарда өмір сүреді, ал қалған этникалық топтардың көпшілігі басқа этностардың арасында шашыраңқы өмір сүреді. Тарихи тұрғыдан Шыңжаң Азия мен Еуропа арасындағы өркениеттік байланыстың құрлықтағы дәлізі болып келді. Шығыс пен Батыстың ежелгі өркениеттерін байланыстыратын әйгілі Жібек жолы осы өлке арқылы өтті. Оның географиялық орналасуы Шыңжаңның айрықша ерекшелігін – әртүрлі халықтар мен олардың мәдениеттерінің қатар өмір сүруі, мәдениеттер тоғысуын айқындап берді.

Тарихи-дәстүрлі таным бойынша этникалық сәйкестілік олардың айырмашылықтары мен бейбіт ассимиляциясын ескере отырып, мәдени ірге кеңейту мен мәдениеттерді қабылдаудың тарихи-дәстүрлі принципіне сәйкес қарастырылды. 1821 жылдан кейін Цин әулеті аймақтың шекара қорғанысын нығайту үшін Ханьзулардың Шыңжаңға жаппай көшуін ынталандыра бастады және ұйғырларды Оңтүстік Шыңжаңнан солтүстікке, сондай-ақ ханьзулар мен хуэйлерді (дүңген) өндіріс пен әлеуметтік келісімді ілгерілету үшін Шыңжаңға қоныс аударуға шақырды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көптеген орыстар, өзбектер мен татарлар Шыңжаңға келіп қоныстанды. Цин патшалығы ыдырағаннан кейін Шыңжаңдағы түркі тілдес халықтар көтерілісшілері 1933 жылы қазанда өздерінің тәуелсіздігін жариялап, тұңғыш Шығыс Түркістан республикасы деп аталатын Шығыс Түркістан Ислам Республикасын құрды. Келесі жылында Қытай Республикасы (гоминдан) бұл аймақты қайтадан өзіне қаратып алды. 1944 жылы Шыңжаңдағы этникалық топтар бұл жолы Кеңес Одағының қолдауымен тәуелсіздігін қайта жариялап, Екінші рет

Шығыс Түркістан республикасын құрды. Бірақ 1949 жылы Қытай Коммунистік партиясы бұл аумақты өз қарамағына алды. 1955 жылы қазанда Шыңжаң өлкесі қазақ, моңғол, қырғыз және хуэй секілді бірқатар халықтардың автономиялық облыстары бар Қытай Халық Республикасының «Шыңжаң ұйғыр автономиялық районы (өлке)» болып құрылды.

Жалпы саяси-тарихи контексте ұйғырлардың ханьзулармен араздығы жауынгерлік ниеттерден немесе діни айырмашылықтардан емес, түптеп ұлттық мүдде тенденцияларынан туындап жатқаны айдан анық. Алайда ресми Пекин Шыңжаңдағы ұйғырлар бастаған жергілікті азшылықтардың ұлттық мүдде талаптарын шешудің жолын қарастыруға жеткілікті назар аудармағандықтан, олардың наразылығын ылғи да сыртқы күштер пайдаланып кетіп отырады.

1949 жылдан бастап Шыңжаң ҚКП-ның сан алуан саяси науқанына және ашықтық пен бақылау арасындағы саясаттың ауытқуына ұшырады. Шыңжаңда ханьзулардың демографиялық жағдайының күн өткен сайын үстем болуы жергілікті жұрттың антагонизм сезімін тудыратындықтан, ұйғырлар арасында жалпы ханьзуларға қарсы көңіл-күй басым болғанын байқау қиын емес. Цин патшалығы кезіндегі жаппай иммиграциялық саясаттан бастап, одан кейінгі Гоминдаң, қазіргі ҚКП осы бір стратегиялық маңызы зор шекара өлкесін құру, қауіпсіздігін бекемдеу мақсатымен ханьзулардың Шыңжаңға жаппай иммиграциясын жақтады. Шыңжаңға жаппай жөнкілген мына төмендегідей үш мәселені туындатты; біріншіден, ханьдықтардың саны өсуімен шекаралы аймақта этникалық қайшылық күшейіп, діни және мәдени айырмашылықтарды реттеу қиындай түсті. Екіншіден, ханьзу хал-қының көбеюімен Шыңжаңда орын алған этникалық топтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке деген ұйғырлардың наразылығы арта түсті. Үшіншіден, ханьзу иммигранттарының көбеюі алып шовинизм мен этникалық кемсітушілік арасындағы қайшылықты күшейте түсті.

Үкіметтердің көші-қонға қатысты көзқарасы этникалық теңгерімсіздікті жақсарту және аймақтағы этникалық мәселені шешу үшін жұмыс күшінің ағыны мен этникалық әртүрліліктің күшеюіне дейін өсті. Біріншіден, этникалық топтардың саны артты. Екіншіден, Шыңжаңдағы барлық этникалық топтардың жан саны да артып келеді. 1978 жылдан 2007 жылға дейін аймақтың төрт ірі тобының – ұйғырлар, ханьдар, қазақтар мен хуэйлердің халқы сәйкесінше 74%, 61%, 81% және 78% өсті. Үшіншіден, әр азшылық халқының дәстүрлі қоныстарындағы пайыздық үлесі төмендеді. Мысалы, Оңтүстік Шыңжаңның үш префектурасындағы ұйғырлардың, атап айтқанда Каши, Хотан және Ақсудың Шыңжаңдағы ұйғыр халқының жалпы санына қатынасы 1944 жылғы 84,6%-дан 2007 жылы 71,5%-ға дейін төмендеді. Шыңжаң қалалары мен елді мекендеріндегі көп этникалық араласу көбірек байқалды, мысалы, автономиялық ауданның астанасы Үрімші 52 этникалық топтың өкілдері тұрады, ал азшылықтардың үлесі 1978 жылғы 18%-дан 2007 жылы 27%-ға дейін өсті [11, 22 б.]. Шыңжаңның экономикалық әлеуеті ішкі және батыс провинциялармен шамалас, яғни жан басына шаққандағы ЖІӨ ел бойынша орташа деңгейден жоғары жалғыз провинция (провинциялар рейтингінде 12-ші орында). Қысқасы солтүстік-батысқа им-

миграция соңғы жарты ғасырда теміржолдың алдымен Ланьчжоудан Үрімшіге, содан кейін Үрімшіден Құлжа пен Қашғарға дейін кеңейіп тіптен қарқын ала түсті. Ал кең ауқымды дамуға, қоныстануға жарамды Үрімші Хотан шөлі сияқты тас жол иммиграция процесін едәуір жеделдетті. Нәтижесінде Шыңжаңдағы хань иммигранттарының саны біртіндеп жергілікті тұрғындарға жақындады.

Сондай-ақ, үкіметтің ішкі саясаты саяси сананы нығайтатын этникалық айырмашылықтарды тудырған сияқты. 1950 жылдардың басында Қытай үкіметі әлеуметтік нормаларға, саудаға және діни тәжірибеге аз араласты. Алайда, 1950 жылдардың ортасына қарай Мао Цзэдун бүкіл елді көптеген социалистік қайта құру істеріне жұмылдырды. 1958 жылы басталған «үлкен секіріс» мәдени гомогенизацияға және айырмашылықтарға төзімділіктің төмендеуіне алып келді. ҚКП-ның ұжымдастыру саясаты, 1957 жылғы этникалық азшылықтар арасында «жергілікті ұлтшылдыққа» қарсы тұру, он жылға (1966-1976) созылған «Мәдени революция» этникалық азшылықтарға деген алалаушылықты арттыра түсті. Әсіресе дін және діни сенім репрессияға ұшырады, этникалық тіл, дәстүрлі тағамдар мен ұлттық киім де басып жаншылды.

Трансұлттандыру Маодан кейінгі дәуірдегі ашық саясатта көрініс таба бастады. Жаһандану үдерісі және Кеңес Одағының ыдырауы ұйғыр мұсылмандарының сыртқы әлеммен этно-діни қарым-қатынасына үлкен әсер етті. Сонымен қатар, 1991 жылы Кеңес Одағының этникалық негізде ыдырауы және одан кейінгі түркі және басқа мұсылман халықтары бар мемлекеттердің тәуелсіздігі ұйғырлардың ұлттық сана-сезімін күрт күшейтіп, азаттық деген үмітін оятты. 1990 жылдары ұйғырларды хандардан символдық, кеңістіктік және әлеуметтік сегрегацияны қамтамасыз ету құралы ретінде белгілі бір діни мәдени айырмашылықтарды асыра сілтеуге әкелді.

Ресми Пекиннің 1990 жылдардан бастап Шыңжаңдағы этникалық сепаратизмге қарсы стратегиясы негізінен екі бөлімнен тұрды. Қытай үкіметі Шыңжаңда қуғын-сүргінді 1996 жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) бірінші отырысынан кейін-ақ бастап жіберді. «Батыс өңірді ашуға» деген ұмтылыстың басқа аспектілері, әсіресе инфрақұрылымға, өнеркәсіпке және қоршаған ортаны қорғауға ауқымды инвестициялар, сонымен қатар оның экономикасының құрылымы Шыңжаңның болашақта қалай қалыптасатынын талдау үшін өте маңызды. Бұл Шыңжаңның орталыққа тәуелділігі мен бақылауының жоғары деңгейіне немесе өлкеге жасалып жатқан әлеуметтік жағдай мен мемлекет тарапынан құйылып жатқан қаржы-ға байланысты емес. Шыңжаңдағы жергілікті азшылықтың наразылығының себебі мүлде басқада жатыр. Бұл ретте ресейлік қытайтанушы-ғалым Д.А. Ананьинаның: «На сегодняшний день напряжённость в отношениях между ханьцами и уйгурами обусловлена недовольством последних относительно «дискриминирующей политики Пекина», следствием которой, по их мнению, являются: ограничение рождаемости; введение преподавания на языке ханьцев в начальной школе; ограничения карьерного роста; вывоз сырьевых ресурсов СУАР в центральные и южные регионы Китая» [12, 7 б.], – деген пікірімен толықтай келісуге болады. Негізі Қытай үкіметі адам құқықтарын өзіне экзистенциалды қауіп ретінде қарастырғанымен, осыған байланысты жасаған

әрекеттері жаһандық ауқымда адам құқықтарына экзистенциалды қауіп төндіріп жатқанын байқамайды [13].

Ал 2016 жылдан бастап қытайдағы азшылық халықтар өмір сүретін аймақтарда, соның ішінде әсіресе Шынжаң өлкесінде «Үш түрлі күшпен» (сепаратизм, терроризм, діни экстремизм) күрес деген ұранмен тіптен қаталдатылған саясаттың жүріп жатқаны белгілі. Пекиннің бұл жолғы саясатының сипаты мен тәсілі елдің тарихи-дәстүрлі ұстанымынан мүлде алшақ жатқанына бүкіл әлем таңдай қақты. «The CCP states its targets are the 'three evil forces' of ethnic separatism, religious extremism and violent terrorism. Terror attacks by Uyghurs in China have blurred the boundaries between the three forces and triggered an expansion of policies targeting the sources of potential opposition to Party rule – among them minority ethno-religious identities. Affronts to constitutionally safeguarded minority rights and international human rights laws were only the beginning of what is now clearly a sweeping assimilationist program targeting China's Muslim population. Over the past months, it appears that hundreds of thousands of Uyghurs have been arbitrarily detained in re-education camps where they are coaxed and coerced to reject religious and cultural practices and to pledge their allegiance to the Party and the People's Republic of China (PRC). Not since the Cultural Revolution has re-education and internment been conducted on such a massive scale. A centrepiece of Xi's grand strategy is the Belt and Road Initiative (BRI), part of which aims to strengthen linkages between China and Central Asia. Violence in Xinjiang, or the fear of it, threatens the BRI in tangible ways. Xi's vision of a unified China is also undermined by Muslim minorities' identification with other Turkic groups in Central Asia, which exposes the multicultural edges of the nation-state», – деп жазды Австралия ұлттық университетінің профессоры, қытайтанушы-саясаткер Бен Хиллман [14].

АҚШ Помона колледжінің профессоры және антропология кафедрасының меңгерушісі Дрю Глэдни этникалық топтардың теңдік туралы сананың өсіп келе жатқан сезімін – Қытайдағы ұлттық бірегейліктің ресми белгілерімен қатар этнизация деп атайды: «Китай хочет сделать уйгуров более «китаизированными», как сказал Си Цзиньпин. Это, вероятно, ещё больше отдаляет их от китайского правления и вызывает большое негодование и гнев, особенно в этой диаспоре. Насилие и негодование вызваны не радикальным исламом или даже независимостью. В основном это было вызвано стремлением к большим правам человека, большей свободе выражения мнений, что и толкает этих уйгуров к джихадам» [15]. 2018-2020 жылдардағы Консультативтік комитеттің Ұлттық азшылықтарды қорғау туралы негіздемелік Конвенциясының есебінде айтылғандай: «Әр түрлі этникалық, мәдени, тілдік немесе діни топтар бір-біріне қарсы тұрған жағдайда демократия әлсірейді. Азшылықтардың құқықтарына нұқсан келтіру үлкен алаңдаушылық туғызады» [16], сондықтан осы ұстанымды Қытай билігі қаперде ұстағаны жөн болады.

Қорытынды

Тарихи-дәстүрлі таным жолынан алыстағанын қытайлар варварлықты өркениетке айналдырып, өркендеу мен тәртіпке әкелдік деп есептейтін секілді.

Этникалық топтар мен элиталар арасындағы мәдени кемсітушілік идеясы кейбір топтар қарсылық көрсетіп, тұрақтылық пен сыртқы шапқыншылық мүмкіндігін қарастырған кезде пайда болатыны белгілі. Содан кейін қоршаған ортаны бейбіт және сау ұстау үшін мәжбүрлеу шаралары қажет болады. Екінші жағынан, этникалық топтарды институттандыру жүйелі түрде әртүрлі этникалық топтардың мүшелері арасындағы өзара әрекеттесу мен интеграцияға институционалдық кедергілер жасайды. Этникалық мәселе қандай да бір қолайлы немесе кемсітушілік саясатпен байланысты болса, этникалық сызықтар саяси мәселеге айналады. Мәдени диффузия моделі және тарихи-дәстүрлі көзқарас бойынша басқаратын азшылыққа саясатсыздандыру тәсілі Шыңжаң мәселесін қытайша шешуде бұлыңғыр болып бара жатқан сияқты.

Фэй Сяотунның «саяси бірлігі бар мәдени плюрализм» тұжырымдамасы, бұл әркімнің ұлттық деңгейдегі «ұлттық бірегейлігінің» кеңеюін білдіреді, сонымен бірге этникалық деңгейдегі мәдени ерекшеліктерді көтермелейді, тарихи дәстүрлер мен идеялардың көрінісін қамтамасыз етеді. Тарихи-дәстүрлі көзқарас бойынша басты мақсат – нәсілдер мен этникалық топтардың әртүрлілігі контекстінде көпшілік пен азшылық арасындағы ассимиляцияға, береке-бірлікке, үйлесімділікке және тұрақтылыққа қол жеткізу және көптеген этникалық сәйкестікті ынталандыру болып табылады. Тарихи таным стиліндегі этникалық тұрақтылық азшылықтың міндеттерді орындау тәсіліне, ұжымдық құқықтарды қоғамдық қолдауға, артықшылық саясаты мен патерналистік позитивті дәстүрлер арқылы белгілі бір жеңілдіктерге құқыққа негізделген үкіметтерге қоғамдағы бірлік пен тәртіпті ынталандыру және қолдау үшін берік негіз береді.

Қытай тарихи-дәстүрлі ұстанымды басшылыққа ала отырып, бүгінгі ұлт саясатын қайта қарауы керек. Жалпы алғанда, қазіргі Қытайдағы этникалық қатынастар бірізді болғанымен, этникалық азшылықтар арасындағы айырмашылықтар әлі де сақталуда. Этносты «деполитизациялау» жолы Қытайды этникалық азшылықтар арасында ұлттық бірегейлікті нығайта отырып, олардың мәдени дәстүрлерінің өркендеуіне кепілдік бере отырып, жаңа бағытқа апаруы мүмкін. Әрине, бұл процесте этникалық азшылықтардың құқықтары мен артықшылықтарын қалай қорғауға болатындығы әлі де үлкен міндет болады. Әлемдегі көптеген көп ұлтты елдерде әлеуметтік даму, экономикалық өркендеу, демократия және мәдени әртүрлілік жоғары деңгейге жетеді және әртүрлі топтар арасындағы теңдікке қол жеткізіледі, Содан кейін этникалық топтар арасындағы шиеленіс әлсірейді және ақырында жоғалады, өйткені азшылықтарды өз құқықтары мен артықшылықтары үшін күресуге ынталандыру қажеттілігі жойылады. Бұл кезеңге жеткенде, этникалық сәйкестілік тұжырымдамасы тек мәдени мұрамен байланысын сақтай отырып, өзінің саяси маңыздылығын жоғалтады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 王震中 姚圣良. 论中华民族凝聚力的构成要素//《民族研究》,2022年第3期(1-17)
- 2 周平.多民族国家是怎样的一类国家//《江汉论坛》2021年第10期.(5-14)
- 3 https://www.gov.cn/xinwen/2021-08/25/content_5633114.htm
- 4 https://www.gov.cn/xinwen/2021-08/25/content_5633114.htm

- 5 https://www.gov.cn/test/2005-06/28/content_10733.htm
- 6 王柯：文明论的华夷观 - - 中国民族思想的起源//国际文化学研(日本) 1997年7号、11—38页。
- 7 张利华. 中国传统文化价值观与民族认同//《中国科学报》(中国·北京)：2012-07-30.
- 8 周桂银. 中国古代天下主义的千年传统：演进、内涵和特征//《世界经济与政治论坛》2021年3月第2期(1-20)
- 9 陈力, 陈先蕃. 论中国边疆思想之“华夷之辨”观//信阳师范学院学报(哲学社会科学版) 2006年, 第26卷 第3期(113-117)
- 10 «中华人民共和国宪法» (2018年3月11日修正文本)
- 11 李建新, 常庆玲. 新疆各主要民族人口现状及变化特征//西北民族研究.- 2015年第3期(总第86期, 21-47)
- 黄兴涛. 民族自觉与符号认同：“中华民族”观念萌生与确立的历史考察//《中国社会科学评论》(香港) 2002年2月创刊号(27-61)
- 12 Ананьина Д.А. Межэтнический конфликт на территории Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР// Философия общества (Гуманитарный вектор). – 2018. – Т. 13. – № 3, – 6-11 стр.
- 13 Китай как источник глобальной угрозы правам человека. <https://www.hrw.org/ru/world-report/2020/country-chapters/337324>
- 14 Ben Hillman. Xinjiang and the ‘Chinese Dream’// <https://www.eastasiaforum.org/2018/10/24/xinjiang-and-the-chinese-dream/>
- 15 Витали Понтак. Новый командующий Синьцзяном усилит политику жёстких мер в Центральной Азии. <https://www.epochtimes.ru/dolznoznostnoe-naznachenie-v-sintzyane-nestabilnost-pastroenij-v-rajonah-tsentralnoj-azii-99120189/>
- 16 Ущемление прав меньшинств ослабляет демократию. <https://www.coe.int/ru/web/portal/-/backsliding-on-minority-rights-weakens-democracy>

Transliteration

- 1 王震中 姚圣良. 论中华民族凝聚力的构成要素//《民族研究》, 2022年第3期(1-17)
- 2 周平. 多民族国家是怎样的一类国家//《江汉论坛》2021年第10期.(5-14)
- 3 https://www.gov.cn/xinwen/2021-08/25/content_5633114.htm
- 4 https://www.gov.cn/xinwen/2021-08/25/content_5633114.htm
- 5 https://www.gov.cn/test/2005-06/28/content_10733.htm
- 6 王柯：文明论的华夷观 - - 中国民族思想的起源//国际文化学研(日本) 1997年7号、11—38页。
- 7 张利华. 中国传统文化价值观与民族认同//《中国科学报》(中国·北京)：2012-07-30.
- 8 周桂银. 中国古代天下主义的千年传统：演进、内涵和特征//《世界经济与政治论坛》2021年3月第2期(1-20)
- 9 陈力, 陈先蕃. 论中国边疆思想之“华夷之辨”观//信阳师范学院学报(哲学社会科学版) 2006年, 第26卷 第3期(113-117)
- 10 «中华人民共和国宪法» (2018年3月11日修正文本)
- 11 李建新, 常庆玲. 新疆各主要民族人口现状及变化特征//西北民族研究.- 2015年第3期(总第86期, 21-47)
- 黄兴涛. 民族自觉与符号认同：“中华民族”观念萌生与确立的历史考察//《中国社会科学评论》(香港) 2002年2月创刊号(27-61)
- 12 Ananyina D.A. Anan'ina D.A. Mezhetnicheskij konflikt na territorii Sin'czyan-Ujgurskogo avtonomnogo rajona KNR [Interethnic Conflict in the Territory of the Xinjiang Uygur Autonomous Region of the PRC] // Filosofiya obshchestva (Gumanitarnyj vektor) // Philosophy of Society (Humanitarian Vector). – 2018. – V. 13. – No. 3. – Pp. 6-11.
- 13 Kitaj kak istochnik global'noj ugrozy pravam cheloveka [China as a Source of Global Threat to Human Rights]. <https://www.hrw.org/ru/world-report/2020/country-chapters/337324>
- 14 Ben Hillman Xinjiang and the ‘Chinese Dream’// <https://www.eastasiaforum.org/2018/10/24/xinjiang-and-the-chinese-dream/>

15. Vitali Pontak. Novyj komanduyushchij Sin'czyanom usilit politiku zhyostkih mer v Central'noj Azii [The New Commander of Xinjiang Will Intensify the Policy of Tough Measures in Central Asia]. <https://www.epochtimes.ru/dolznoznostnoe-naznachenie-v-sintszyane-nestabilnost-nastroenij-v-rajonah-tsentralnoj-azii-99120189/>

16 Infringement of the rights of minorities weakens democracy. <https://www.coe.int/ru/web/portal/-/backsliding-on-minority-rights-weakens-democracy>

Масимханулы Д., Турлыгожаева А.Д.

Политика Китая в отношении этнических меньшинств в Синьцзяне: исторические традиции и особенности сегодняшнего дня

Аннотация: В данной статье рассматриваются историко-традиционные познания политики Китая в отношении этнических меньшинств, основные особенности и основные аспекты политики КПК на сегодняшний день, а также Синьцзянский вопрос. Стратегический статус Синьцзяна и потенциал этнических волнений приводят к более высокому уровню беспокойства китайских властей, сравнительно других провинциальных регионах. Сегодня официальный Пекин сталкивается с вопросом о том, защищает ли он права меньшинств со стороны мирового сообщества и как ему следует соблюдать свою приверженность правам меньшинств. Согласно китайскому историко-традиционному пониманию, конфликт между этническими меньшинствами и ханьцами создает контраст между цивилизацией и деградацией. Согласно историко-традиционному пониманию, это различие касается очевидных «различий» в физических характеристиках или языке. В основном это проявляется в «культурных различиях» с поведенческими ценностями и нормах. Каковы особенности «историко-традиционного» подхода в вопросах меньшинств? Каковы основные факторы, влияющие на этническую политику Китая, вынуждающие перейти от культурной ассимиляции к политизации этнической проблемы? Согласно концепции и позиции китайских властей, историко-традиционный подход рассматривает унификацию политического единства, этнического равенства и культурного разнообразия для эффективного решения проблемы меньшинств.

Ключевые слова: Китай сегодня, политические нации, меньшинства в Китае, проблема Синьцзяна, историко-традиционные познания, этническая политика

Massimkhanuly D., Turlygozhayeva A.D.

China's Policy Towards Ethnic Minorities in Xinjiang: Historical Traditions and Peculiarities of Today

Abstract: This article examines the historical and traditional knowledge of China's policy towards ethnic minorities, the main features and main aspects of the CCP's policy today, as well as the Xinjiang issue. The strategic status of Xinjiang and the potential for ethnic unrest lead to a higher level of concern for the Chinese authorities than other provincial regions. Today, official Beijing is faced with the question of whether it protects the rights of minorities from the world community and how it should honor its commitment to minority rights. According to the Chinese historical-traditional understanding, the conflict between ethnic minorities and the Han creates a contrast between civilization and degradation. According to the historical-traditional understanding, this difference concerns obvious «differences» in physical characteristics or language. This is mainly manifested in «cultural differences» with behavioral values and norms. What are the features of the «historical-traditional» approach to minority issues? What are the main factors influencing the ethnic policy of China, forcing the transition from cultural assimilation to the politicization of the ethnic problem? According to the concept and position of the Chinese authorities, the historical-traditional approach considers the unification of political unity, ethnic equality and cultural diversity in order to effectively solve the problem of minorities.

Key words: China today, political nations, minorities in China, Xinjiang problem, historical and traditional knowledge, ethnic policy